Оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар «*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»* Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 5-тарау: Оқу мерзіміне қойылатын талаптарына сәйкес: бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі- 4 жыл; негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі -5 жыл; жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі- 2 жыл.

6.2. сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022 – 2023 оқу жылында *«Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»* Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы негізінде:

- 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек; оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;
- оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2023-2024оқу жылында «*Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»* Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы негізінде:

- 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда: 1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы: 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2024-2025 оқу жылында «*Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»* Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а.2024 жылғы 10 шілдндгі № 174 бұйрығы негізінде:

- 2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда: 1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы: 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 10-16 ақпан аралығында); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

V.Оқу- материалдық активтер

- Материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәлімет.

Мектептің техникалық жағдайы

№		***Жалпы сипаттамасы***	
1	Салынған жылы	1971ж	
2	Жалпы аланы	1330,4 ш.м	
3	Пайдалы аланы	1079,3ш.м	
4	Жылыту жүйесі	БМК (блочно-модульный котельный)	ыстық су титанмен
5	Кәріз жүйесі	скважина	
6	дәретханалар	іште орнатылған	
7	Оқу кабинеттерінің саны жеткілікті оқу бағдарламалары мен оқу жоспарына сәйкес	10 кабинет	Оқу құрал-жабдықтарымен және оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған
8	Лингофонный кабинет	жоқ	
9	Мультимедийный кабинет	жоқ	
10	Дене шынықтыру залы	бар	191,7 ш.м
11	Жуынаты (душ), киім ауыстыратын бөлмелердің болуы	киім ауыстыратын бөлмелер бар,толық жабдықталған, душ жоқ	
12	асхана	20 орындық	4 көзді электр плитасы, пеш, электр таба, тоңазытқыш, мармит, су жылытқыш, мұздатқыш, тоңазытқыш
13	кітапхана	10 орындық	2 ноутбук, принтер
14	жиын залы	60 орындык	ПИК,музыкалық аппаратура
15	Мед кабинет	бар	
16	Емдеу бөлмесі	жоқ	
17	Тіс дәрігерінің кабинеті	жоқ	
18	Жарық жүйесі	өрт қауіпсіздігі ұйымының түсініктемелері, электрмен жабдықтау ұйымдарынан ескертулер жоқ	кабельдің техникалық сипаттамалары. Тұтыну көлемі электр тогы сәйкес келеді
19	Интернетке косылу және телефон орнату	Интернет жылдамдығы 100 Мб/сек 1 телефон нөмірі	Интернет кең жолақты
20	Күрделі жөндеу қашан жүргізілді?	2023 жылы мектеп отқазандығы сыртқа шығарылды, мектептің жылу жүйесі толық ауыстырылды	

	Жабдықталған спорт аландары бар ма	Шағын футбол алаңы, Аулада тренажер кешені	волейбол,баскетбол аландары
	Жылыжай мен мектеп аумағының ауданы	жылыжай жоқ	
	Өрт қауіпсіздігі	автоматты өрт дабылы. Дыбыстық хабарландыру орнатылған	10 өрт сөндіргіш құралдар бар. Оларды техникалық куәландыру және қайта зарядтау қызметі уақтылы жүзеге асырылады
	Антитеррор	15 бейнебақылау камерасы /9-іште,6-сыртта/ Орталық басқару орталығына шығатын дабыл түймесі ACS- Дауыстық хабарландыру	

7.1 Мектептегі медициналық қызмет 2021 жылғы 9 қыркүйектегі берілген №21025960 сериялы Лицензиар: "Департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Карагандинской области". Министерство здравоохранения Республики Казахстан. Жетекшісі: Смирнова Ольга Викторовна
Балаларға медициналық көмек көрсетуді медбике Тультаева Б.А.жүзеге асырады.

7.2 Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты

Білім беру ұйымының ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастыру: Мектеп ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастыру шаралары негізінде қауіпсіздік талаптарына сай турникет орнатылған. Төтенше жағдайлар (авария, өрт, дүлей апат, шабуыл, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы бар. Жаңа хабарландыру жүйесі іске қосылды. Мектеп- ғимаратына кіруді бақылау міндеті күзетшілерге жүктеледі.

Бұл қызметкерлер мектеп аумағына мектеп ғимаратына рұқсат етілмеген тұлғаларды (келушілерді тіркеу журналы жүргізіледі) нақты нұсқауларды басшылыққа алады. Дабыл қағу түймесі бар,фирмасымен келісім шартқа сай қойылған. Мектеп 3 күзетші және 2 вахтер жұмыс жасайды.

15бейнебақылау камерасы /9-іште, 6-сыртта/, Орталық басқару орталығына шығатын дабыл түймесі ACS-; Дауыстық хабарландыру бар

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәлімет

Тамақтану объектісі-асхана жұмыс жасайды. Асхананың жалға алынған көлемі 66,7 м^2. Мектеп асханасының ас ішетін залы 20 орындыққа арналған. Мектеп асханасы оқушылардың тамақтануына қажет барлық жиһазбен жабдықталған.

Санитарлық нормаға нормаға сәйкестік актісі

Ыстық тамақты ұйымдастыруға келісім шарт жеке кәсіпкер Роза Кулановамен жасалды.
Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын 1 - 4 сынып оқушылары үшін тегін ыстық тамақ, жалпыға бірдей білім беру қорынан 5- 11 сыныптарда 5 оқушы көлемінде әлеуметтік осал отбасылардан шыққан оқушыларға тегін ыстық тамақ ұйымдастырылады.

8. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын дамыған елдер қатарында терезесі тең ететін күш- білім мен білімді ұрпақ. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер еліміздегі бірден-бір руханият ордасы- кітапхана. Оқушылардың рухани қазына кітапқа деген талап- тілегі мен сұранысын қанағаттандыруды күннен – күнге жақсарта беру- уақыт талабы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше.

Кітапхана-кітап арқылы жеке адамның жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасына қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлуметтік орын. Кітап мұхитында бағыт табуға, рухани тәрбие мен патриоттық тәрбиеден өмірлік азық алуға көмектесетін кітапхана мен кітапханашы. Жас ұрпақтың бойында

патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор.

Мектептің тәрбие жоспарына сүйене отырып, Қазақстар Республикасының «Қазақстар Республикасының білім туралы», «Кітапхана ісі туралы» заңдарын басшылыққа ала отырып, «Мектеп кітапханасы туралы ережеде » мектеп кітапханасының алдына мынадай мақсаттар мен міндеттер қойылды.

Мектеп кітапханасының мақсаты:

- Мемлекеттік саясатты кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету арқылы іске асыру, оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық ресурстармен еркін қолдану қамтамасыз ету.
- Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру,барлық деңгейдегі оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық кешенді ұйымдастыру,қауіпсіз және кедергісіз ақпаратқа, білімге, мәдени мұраға қол жеткізуді қамтамасыз ету.
- Оқушыларға әлеуметтік қызмет көрсету,олардың шығармашылық қабілетін дамыту, жүйелі түрде оқуын ұйымдастыру.
- Оқушылардың ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызуғышылықтарын ескере отырып, кітапхана жағдайында тұлға аралық қарым-қатынас жасауды, кітап оқуға байланысты ойын-сауық ұйымдастыру.
- Кітапхананың жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру негізінде кітапханалық-ақпараттық үрдісті компьютерлеу, мұғалімдер мен оқушыларды ақпараттық мәдениетке баулу.

Кітапхана міндеттері:

- Оқырмандардың сұранысын зерттеу, олардың кітапханамен байланысын, ақпараттық сұранысын білу, оқырманың кітапханаға деген көзқарасын қалыптастыру, кітап оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқырмандарға қызмет көрсетудің жоғары мәдениетін қамтамасыз ету;
- Компьютерлендіру мен озық технологияларды еңгізе отырып, оқырмандарға кітапхана және ақпарат қызмет көрсетуді жетілдіру;
- Қазақстан әдебиеті мен мәдениетін, еліміздің және өлкеміздің тарихы бойынша кітаптарды қазақ халқының әдеп ғұрпы мен дәстүрін белсенді насихаттай отырып, оқырмандардың қазақ жазушыларының шығармашылығына деген қызығушылығын тереңдету.
- Қазіргі мектеп кітапханасының жұмысындағы заманауи әдіс-тәсілдерді қолданып, пайдалану.

<u>Кітапхана туралы қысқаша мәлімет</u>

1. Кітапхана мектеп ғимаратының үшінші қабатында орналасқан.
2. Кітапхананың жалпы ауданы: 34.4 кв.м.
3. Абономент, оқу залы бірге
4. Оқулықтар қорына арналған жалпы ауданы – 14.4 кв.м кітап қоймасы бар
5. Оқырмандарға арналған үлкен үстел-1 дана
6. Орындықтар- 12 дана
7. Жұмыс үстелі- 1 дана
8. Кітап көрмелерінің сөрелері- 5 дана
9. Кітап сөрелері- 21 дана
10. Формуляр жәшігі-1 дана
11. Ноутбук-2дана
12. Жалюзи-3 дана
13. Принтер – 1 дана

<u>Кітапхананың нормативтік базасы</u>

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте қажетті нормативтік- құқықтық база бар:

- Мектеп кітапханасының норматифтік құжаттары (нұсқаулар, қаулылар , бұйрықтар)
- Мектеп кітапханасы туралы Ереже.
- Мектеп кітапханасын пайдалану ережелері.
- Мектеп кітапханасының төлқұжаты.
- Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары
- Мектеп кітапханасының жұмысы туралы жылдық есеп.
- Кітапхананың қорының жиынтық есебі кітабы. (оқу қоры, негізгі қор)
- Көркем әдебиеттер қорын есепке алу бойынша түгендеу кітабы
- Кітапхана қорының қозғалысы туралы құжаттар (актілер, есептен шығару, тапсыру және т.б., оқу қоры, негізгі қор)
- Кітапхана қорын түгендеу және тексеру актілері.
- Оқырмандардан жоғалтқан орнына алынған кітаптардың және басқа да құжаттардың есебі дәптері.

- Түгендеу кітабына жазылуға жатпайтын басылымдардың есебі дәптері (кітапшалар қоры – көлемі 48 бетке дейінгі басылымдар).
- Мектеп кітапханасының жұмысы күнделігі.
- Библиографиялық және электронды анықтамаларды есепке алу журналы
- Оқулықтардың тапсырыс бланкілерінің көшірмесі
- Кітапхана қорының есеп карточкаларын тіркеу, есеп карточкаларының картотекасы
- Кітапханаға түсетін әдебиеттерге ілеспе құжаттар (оқу қоры, негізгі қор)
- Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы, оқырмандар формуляры
- Кітапхана кеңесі мен активтері
- Кітапхананың анықтамалық- библиографиялық аппараты (Алфавитті каталог, жүйелі каталог, электронды каталог MARK-SOL)
- Оқырмандармен кітапханалық жұмыстар жүргізу бойынша құжаттар (оқырмандарды танып- білу сценарийлері, жаппай іс- шаралар хаттамалары, кітапханалық сабақтар және т.б)
- Мерзімдік басылымдарды ресімдеу бойынша құжаттар
- Кітапхананың істер номенклатурасы
- Резерв

Кітапхана қорын қалыптастыру

Мектеп кітапханасының оқу қорын толтырудың негізгі әдісі- алдын ала тапсырыс беру. Қарағанды ҚБ әдіскеріне ақпан айында бұйрық жіберіледі, соған сәйкес мектепте жаңа оқу жылына оқулықтар тамыз айында қабылданады.

Кітапханаға келіп түсетін оқу әдебиеттерін қабылдайды және өңдейді, жыл сайын қаржыландыру цикілі бойынша оқу әдебиеттерін, тозығы және мазмұны бойынша ескірген әдістемелік және оқулықтарды есептен шығарады.

Кітапхана қорын қалыптастыру – қорды құру, үнемі жаңарту, дамыту және оны жұмыс бабында ұстау; кітапхана қорын модельдеу жөніндегі барлық технологиялық процестердің жиынтық ұғымы, мемлекеттік білім беру қызметін жүзеге асыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарын ақпарат ресурстарымен қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығын басшылыққа ала отырып жұмыс жасаймыз.

Оқулықтармен қамтамасыз ету

Оқужылы	Оқушы саны	% қамтамасыз етілгені	%қажет
2022-2023	94	100	Аудан мектеп кітапханаларымен алмасып аламыз
2023-2024	96	100	
2024-2025	93	100	

Қорытынды: оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етіледі. Қала мектеп кітапханаларынан жеткіліксіз оқулықтарды өзара акті арқылы жыл соңына дейін уақытша пайдалануғ алмасып аламыз.

Оқырмандарды зерттеу, оқырмандар талабымен санасу,біздің жұмыстарымыздың негізі бағыттарының бірі «Кітапхана және оқырман», сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама мақсаты оқырман сұранысын зерттеу, олардың кітапханамен байланысын, ақпараттық сұранысын білу, кітапханаға келешекте оқырман көзқарасын қалыптастыру, оқырмандардың оқуға деген ынтасын арттырудағы өзекті мәселелерді анықтау.

Оқырманға басшылық жасаудың бір әдісі –оқырмандар формуляры. Мысалы, оқырман формулярына талдау жасап отыруға болады. Оқырман туралы және оқыған кітаптары туралы мәлімет беріледі. Балалардың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру біздің міндетіміз.

1-4 сынып оқырмандарымыз балаларға арналған әдеби кітаптарды көп оқиды, соның ішінде ертегілерді қызығып оқиды, оқыған кітаптары туралы ой бөліседі. 5-8 сынып оқырмандары тарихи, хайуандар,спорт туралы кітаптарға сұраныс көп алады, әдеби кітаптарды оқиды, энциклопедиялар, сөздіктер пайдаланады. 9-11 сынып оқырмандары көбінесе сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар пайдаланып оқиды, әдеби кітаптарды мектеп бағдарламасы бойынша оқиды. Кітапхана жұмысында оқырмандарды кітап оқуға баулу, оқуға деген қызығушылығын ояту үшін түрлі формалар мен әдістер қолданылады:

- Кітап көрмелері,
- Дөңгелек үстел,
- Рухани әңгімелер
- "BOOK BINGO", "Әдебиет лотосы", «Әдеби джем», «Зообаққа саяхат» ойын түрлері

- Жаңа әдебиеттерге ашық көзқарас
- Оқу сайыстары
- Кітапқа шолулар
- Кітапханаға экскурсиялар

2022-2023 оқу жылы

Шаралар тақырыбы	**форма**	**оқырман тобы**	**өткізу мерзімі**	**жауаптылар**
«Ата заңым-айбыным» (30 тамыз	Кітап көрмесі	Кітапхана	30-тамыз	кітапханашы
«Білім – ырыс қазығы »	Кітап көрмесі	Кітапхана	1-қыркүйек	кітапханашы
«Тіл мерейі, ел мерейі» Тілдер мерекесі	Кітап көрмесі	4-11сын	5-қыркуйек	кітапханашы
«Жаңұя жарастығы»	Сурет көрмесі	5-6 сын	11 қыркүйек	кітапханашы
« Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария» (1 қазан)	Кітап көрмесі	1-11 сынып	1 қазан	кітапханашы
«Ұстаз- алып тұлға»	көрме	4-11сынып	2-3 қазан	кітапханашы
«Ел тірегі – қайратым,Абыройым, айбатым»	Тақырыптық шолу	4-5сыныптар	1-желтоқсан	кітапханашы
«Тәуелсіздік!» деп соқты жүрегіміз.	Кітап көрмесі	4-11сын	Қыркуйек-16-желтоқсан	кітапханашы
«Мәпелеп мені өсірген,ризамын Ана өзіңе»	Сайыс	2-9сыныптар	6-7 наурыз	Сыныпжетекшілер, кітапханашы
«Нұр себеле,Ұлыстың ұлы күні»	Кітап көрмесі	4-5сын	22-наурыз	кітапханашы
«Ел бірлігі- ел теңдігі»	Сурет көрмесі	1-11 сыныптар	1 мамыр	Сынып жетекшілер кітапханашы
«Ел мен ердің жеңісі»	Көрме шолу	5-11сын	6-9 мамыр	кітапханашы

2023-2024 оқу жылы

«Абай мұрасы- халық қазынасы»	Мәнерлеп оқу	8-11сыныптар	Тамыз, қыркуйек	кітапханашы
Шаралар тақырыбы	**форма**	**оқырман тобы**	**өткізу мерзімі**	**жауаптылар**
«Тіл мерейі, ел мерейі» Тілдер мерекесі	Кітап көрмесі	4-11сын	5-қыркуйек	кітапханашы
«Бәріміз кітап оқимыз»	оқу сағатын ұйымдастыру (оқушы- лар мен мұғалімдер)	айына 2 рет	1-4 5-11	Кітапханашы Сынып жетекші
«Менің сүйікті кітабым»	Оқырмандар арасында кітап оқу сайысы	Тоқсанына 1 рет	1-4 5-11	Кітапханашы Қазақ тілі пән мұғалімі
«Сыныппен бірге оқимыз»	«Сыныппен бірге оқимыз»	қараша	5-11	Кітапханашы Сынып жетекші
« Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды?	Отбасылық оқу дәстүрі	қараша	1-4 5-8	Кітапханашы Сынып жетекші

« Мен оқыған бір кітап»	сұрақ- жауап ойыны	қараша	Барлық оқырман	Кітапханашы Сынып жетекші
READx – жобасы «Оқуға ұмтыл»	Оқушылар мен мұғалімдер арасында	Ақпан Наурыз		Кітапханашы Сынып жетекші
Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала»	әдеби джем ойыны	Ақпан	7	Кітапханашы, Сынып жетекші
«Оқы және өзгеге ұсын » «Bookcrossing»	кітап сөресінің жұмысының жандандыру	Жыл бойы		Кітапханашы , Сынып жетекшілер

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Аталған жобаның арқасында оқушылар мен жастардың көркем әдебиетке қызығушылығы артады, еліміздегі кітапханалардың материалдық-техникалық базасы нығаяды. Бұл жоба 2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының кітапханаларын дамыту жөніндегі жол картасы аясында жүзеге аспақ. Жыл сайын мектеп кітапханалары көркем әдебиетпен қамтылып отырады.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

МІНДЕТТЕРІ:

-Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу;

-Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

-Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамытуға ықпал ету ;

-Кітап оқуды алға жылжыту бойынша жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;

-Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;

-Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру;

Қорды сақтау бойынша жұмыс

Ерекше құнды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) бөлек сөреде сақталады. Жылына бір рет кітапхана қоры, жарты жылда бір рет оқырман формуляры тексеріліп борышкерлерге кітаптардың кітапханаға уақыты қайтарылуы мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кітапхана кітаптары жоғалған, бүлінген жағдайда оқырмандар келтірілген залалды балама әдебиетпен өтейді. Қорды сақтау бойынша төмендегі жоспар бойынша жұмыс атқарамыз:

1. Жаңа кітаптарды, оқулықтарды зерттеп, оларды картотекаға тіркеу, кітап қорының есеп кітабына жазу.
2. Кітапхананың артық дублеттік әдебиетті қайта бөлу, қорды орналастыру, оның сақталу режимін қамтамасыз ету.
3. Мектеп бағдарламасына сәйкес әдебиеттерді іріктеу.
4. Кітап қорын жаңа кітаптармен толықтыру.
5. Баспа сөз басылымдарына жазылуы.
6. Істен шыққан кітаптарды, оқулықтарды кітап қорынан алып тастау.
7. Оқулықтарды сақтау жөнінде оқушылармен, мұғалімдермен әңгіме өткізу.
8. Әр сыныпта кітап күтімін тексеретін топ құру.
9. Жыртылған оқулықтарды желімдеп қалпына келтіру.

Оқулықтарды сақтау жұмыстарын жүргізу

Оқулықтар қоры кітап қоймасында орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізіледі. Жаңа оқулықтар түсуіне қарай оқулықтар оқулықтардың кітапхана қорының тіркеу карточкаларын тіркеу журналына тіркеледі.

Оқулықтарды алғаннан кейін оқушылармен оқулықтың қауіпсіздігі бойынша әңгімелесу жүргізіледі. Қолдану кезеңінде оқулықты зақымданудан және кірден қорғайтын берік мұқаба болуы керек екенін еске саламыз. Оқулықтарды мұқаба мен соңғы қағазды зақымдамау үшін
ламинатталған пленкамен жабуға тыйым салынады. Оқулыққа қарындашпен немесе қаламмен шимайлауға, жазуға тыйым салынады.. Білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету мақсатында "Таза кітап" атты оқулықтарға рейд жүргізілді. Тексеру 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Сабақта оқулықтардың болуы, мұқабаның болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексеріледі. Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау " нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы ескертіледі. Рейд қорытындысы мектеп әкімшілігінде айтылып, әр оқушының күнделіктерінде көрсетіледі. Оқулықтар 5 жылда бір рет есептен шығарылады.

Кітапхана кеңесімен жұмыс

Кітапхана кеңесі -бұл мектеп кітапханасының жұмысына басшылық ететін қоғамдық орган. Кітапхана кеңесінің құрамына мектеп кітапханашылары, педагогикалық ұжымның , ата- аналар активінің, оқушылар өкілдері кіреді. Кітапхана кеңесінің құрамы орта білім беретін ұйымның директорының бұйрығымен бекітеді. Кітапхана кеңесінің отырыстары белгіленген мерзімде өткізіледі. Кітапхана кеңесін алғашқы отырысында міндеттер бөлініп, төрағасы мен хатшысы сайланады. Кітапхана кеңесі жоспарға сәйкес жұмыс істейд.і Мектеп кітапханасының қызметі туралы жоспарлар мен есептерді қарастырады және бекітеді: оқырмандарға кітапхана қызметін көрсетуді жақсарту, көпшілік іс-шараларды әзірлеп, өткізуге атсалысады, мектеп кітапханасының тексеру қорытындысымен танысады, кітапхана қорын қорғауға, оқырмандардың кітапхананы пайдалану қағидаларын бұзу мен күресуге, бөлмені жөндеуге, кітапхана құрал-жабдықтарын сатып алуға және т.б қатысты әкімшілік-шаруашылық іс-шараларын өткізуге қолғабыс көрсетеді

9. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер):

Мектептің білім беру бағдарламасы мен мектептің жұмыс жоспары- мемлекеттік білім беру стандартын орындауды, базалық жалпы негізгі білім беруді қамтамасыз етуді, оқу үдерісінде баланың жалпы дамуын көздейді.

Мектеп бойынша білім сапасы 54% құрады. Жылдық салыстырмалы көрсеткіш білім сапасы 2% - ға төмендегенін көрсетіп отыр.

Соңғы 2 жылдағы білім сапасы

Оқу жылы	Білім сапасы	Үлгерім	Динамика
2022-2023	59%	100%	
2023-2024	60%	100%	**+1%**

2023-2024 оқу жылында жылдық сапа 1%-ға өскен;

Буын бойынша 2 жылдағы оқу үлгерімі мен білім сапасы

Оқу жылы	1-4 сынып		5-9 сынып		10-11 сынып		Жалпы мектеп бойынша
2022-2023	100%	59%	100%	54%	100%	64%	100%
2023-2024	100%	63%	100%	60%	100%	57%	100%
динамика		**+4**		**+6**		**-7**	

Буын бойынша білім сапасын қарастыратын болсақ, бастауыш сыныптарда білім сапасының 4% - ға, негізгі сатыда 6% - ға артқаны байқалады; жоғары сатыда 7% - ға төмендеуі байқалады.

VII.Оқушыларды қорытынды аттестаттау

Емтихандарды өткізу кезінде **"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын (**өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы) басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізілді.

Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығы келесі компоненттерді құрайды:

- ақпараттық дайындық (қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу туралы ақпаратты толық көлемде меңгеру);
- пәндік дайындық (әр түрлі қиындық деңгейіндегі тест тапсырмаларын шеше білу);
- психологиялық дайындық (ішкі көңіл-күй, мақсатты әрекеттерге бағдарлану).

Жыл сайын 9,11-сыныптарда білім алушыларды қорытынды аттестаттауды дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі. Қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша ақпараттық және түсіндіру жұмыстары барысында оқушылар, ата-аналар мен педагогикалық ұжымға негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің үлгілік қағидалары бойынша нұсқаулықтар таныстырылды; қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша түлектермен психологиялық сүйемелдеу шеңберінде мектеп педагог-психологы, сынып жетекшілері психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізді. 9,11 сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу мәселелері педагогикалық кеңестерде қаралды.

Қорытынды аттестаттаудан босату

Оқу жылы	Сынып	Оқушы саны	Оқушының аты-жөні	Босату негіздемесі
2022-2023	9	1	Дюсембаев Мирас Жастлекұлы	ПМПК қорытындысы 24.04.2023
2023-2024		*Емтиханнан босатылған оқушы жоқ*		

9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандарының қорытындысы. 2022-2023 о/ж

Емтихан өткен күн	Пәндер	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	н/а	сапа %	Үлгерім %
2.06.23	қазақ тілі (эссе)	8	3	3	2	0	0	75%	100%
6.06.23	алгебра	8	2	5	1	0	0	87%	100%
09.06 .23	орыс тілі мен әдебиеті	8	4	2	2	0	0	75%	100%
13.06 .23	география	8	3	3	2	0	0	75%	100%

11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау бойынша өткізілген мемлекеттік емтихан қорытындысы. 2022-2023 о/ж

Емтихан өткен күн	Пәндер	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	н/а	сапа %	Үлгерім %
08.06.23	Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан	4	2	2	0	0	0	100%	100%
05.06.23	Қазақ тілі (эссе)	4	2	2	0	0	0	100%	100%
12.06 .23	Қазақстан тарихы	4	0	4	0	0	0	100%	100%
15.06 .22	Орыс тілі мен әд.	4	2	2	0	0	0	100%	100%
19.06.23	Ағылшын тілі	1	1	0	0	0	0	100%	100%
	Физика	3	0	3	0	0	0	100%	100%

9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандарының қорытындысы. 2022-2023 о/ж

Емтихан өткен күн	Пәндер	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	н/а	сапа %	Үлгерім %
29.05.24	қазақ тілі (эссе)	5	3	2	0	0	0	100%	100%

03.06.24	алгебра	5	3	1	1	0	0	80%	100%
06.06 .24	орыс тілі мен әдебиеті	5	3	2	0	0	0	100%	100%
10.06.24	Физика	5	1	4	0	0	0	100%	100%

11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау бойынша өткізілген мемлекеттік емтихан қорытындысы. 2023-2024 о/ж

Емтихан өткен күн	Пәндер	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	н/а	сапа %	Үлгерім %
31.05.24	Алгебра және анализ бастамалары	7	1	4	2	0	0	71%	100%
28.05.24	Қазақ тілі (эссе) (ЖМБ)	7	0	7	0	0	0	100%	100%
4.06.24	Қазақстан тарихы	7	3	4	0	0	0	100%	100%
07.06.24	Орыс тілі	7	5	2	0	0	0	100%	100%
11.06.24	География	5	3	0	2	0	0	60%	100%
	Физика	2	0	2	0	0	0	100%	100%

9- сынып білім алушылары қорытынды емтихан нысанында негізгі орта білім курсы үшін қорытынды аттестаттаудан өтті және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

11-сынып мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырып, жалпы орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттаудан өтті және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды.

9,11 сынып оқушыларын тізімнен шығару бұйрықтары)

ССЫЛКА

- ***үй тапсырмасын орындау мүмкіндігін ескере отырып, оған қойылатын талаптарды сақтау***

Үй жұмысының мақсаты – оқушыларды өз бетімен білім алуға дағдыландыру. Үй жұмысы оқушылардың мектепте алған білімін қайта жаңғыртып өздігінен пысықтауына, бекітуіне, сол арқылы оқу материалын тереңірек меңгеруіне көмектеседі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығы «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынып жүргізіледі.

Ұсынымдардың негізгі мақсаты білім алушылардың денсаулығын сақтау, үйдегі оқу жүктемесі көлемінің ұлғаюына және қарқындылығына байланысты шамадан тыс күш түсуін болдырмау, сондай-ақәдістемелік кабинеттердің жетекшілеріне, орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері менбасшыларына, ата-аналарға үй тапсырмасын ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

- Үй тапсырмасын (бір оқу күнінде) орындауға кететін уақыттыңкөлемі - 2 сыныпта 50 минуттан, 3-4 сыныптарда 70 минуттан, 5-6 сыныптарда 90 минуттан, 7-9 сыныптарда 110 минуттан, 10-11(12) сыныптарда 130 минуттан аспайды;
- Үй тапсырмасын ұйымдастырған кездебастауыш сынып мұғаліміне, пән мұғаліміне мыналар ұсынылады:
- 1) білім алушылардыүй тапсырмасы туралы сабақ үстінде, қоңырауға дейін хабардар ету;
- 2)үй тапсырмасын орындауға нұсқау беру;
- 3) минимум-тапсырмаларды (орындауға міндетті тапсырмаларды) максимум-тапсырмалармен (өз еркімен орындалатын тапсырмалармен) үйлестіру;
- 4) сабақ үстінде үй тапсырмасындағы қатемен жұмыс жүргізу;
- 5) электрондық немесе қағаз түріндегісынып журналына «Үй тапсырмасы» бағанында тапсырманың мазмұны мен оны орындау сипаттамасын (оқу, мазмұндау, айтып беру, бақылау) жазу.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау – сабақта немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында білім алушылардың ағымдағы игерген білімдері мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын және оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны мен оқыту мақсаттарына жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау;

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

2-11 сынып оқушыларына формативті бағалау, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 1 қосымшасы 2-тарау **«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі»** негізге ала отырып жүзеге асырылады.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

Bilimal электронды журналында жарияланған БЖБ,ТЖБ кестесіне сай мектеп әкімшілігі 13 тармақшаны (Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді) ескере отырып тоқсан сайын БЖБ,ТЖБ кестесін жасайды.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалауға арналған БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмалары өткен (зерделенген) оқу мақсаттарын қамтиды. Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес келеді. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын мұғалімдер өздері дайындайды. Негізгі талап- пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі.БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі.

Сабақтың міндетті элементі білім алушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің іс-әрекетін түзетуге және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы керек.

"Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", және бастауыш мектепте "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады.

Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу қызметінің төрт түрі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) бойынша жүргізіледі. Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

ТЖБ нәтижелері бойынша пән мұғалімдері ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес талдау жасайды. /(Білімал электронды журналы)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалғандай ***инклюзивті білім беру*** – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділік үшін жағдайлар жасау бойынша «№12 ЖББМ» төмендегі бағыттарда жұмыстар жүргізіледі:

- ЕББҚ бар балаларды оқытудың жеке білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларымен/ оқушы, педагог,ата-ана/ ақпараттық-ағарту жұмысын жүргізу;
- Әлеуметтік серіктестікті дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Инклюзивті сыныптарда оқу пәндері бойынша жеке, бейімделген бағдарламалар әзірленді;
- ЕББҚ бар оқушының табысты оқыту және әлеуметтену мақсатында қолайлы білім беру ортасын құрылады; әлеуметтік ортасымен араласуына жағдай жасалады; бос уақыты тиімді ұйымдастырылады;

Біздің мектебіміз келесі мекемелермен әлеуметтік серіктестікке:

- Қарағанды қаласы «№54 ЖББ М»
- Қарағанды қаласы «№27 ЖББМ» инклюзивті білім беру орталығы»
- Қарағанды қаласы «№5 ПМПК» КММ.

Оқу бағдарламалары ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

Әр оқу жылының басында психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің мамандары педагогтары ЕББҚ бар оқушылардың оқу іс-әрекетін сәтті жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды. Педагогтер ата-аналарға қолдау көрсету және кеңес беру үшін ата-аналармен үнемі байланысқа шығып отырады. Оқу жылы барысында ППҚҚ мамандарымен түрлі сыныптан тыс шаралар өткізілді: «Мейірімділік әлемді құтқарады» мәнерлеп оқу байқауы; «Достық қолын соз». қайырымдылық акциясы; т.б түрлі тақырыптағы психологиялық тренингтер.

ЕББҚ бар балалармен жұмыс ұзақ және уақытты қажет ететін процесс, оған ата-аналар, мұғалімдер және ППҚ қызметінің мамандары қатысып, бірлесе жұмыс жасауы қажет.

Бізде туындаған мәселелер:

- Осы санаттағы оқушылармен пән мұғалімдерінің жұмыс істеу дағдыларының аздығы және қызығушылығының төмендігі, балаларды жобалау-зерттеу қызметіне қоспау;
- ЕББҚ бар оқушылардың түрлі үйірме мен секцияларға тарту және сайыстарға қатысу жеткіліксіз.

Себебі:

- Оқушылардың денсаулығы мен психофизикалық функцияларының даму ерекшеліктері;
- материалдық-техникалық жабдықталуы, ата-аналардың жұмыс бастылығы

Шешу жолдары:

- ЕББҚ бар оқушыларды кешенді қолдау, оқушыларды мотивациясын арттырумен жұмыс*;*
- оқыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау, оқуға кедергілерді жою

4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік ЖББС талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Білім алушылардың білімі, іскерлігі мен дағдыларының сапасын бағалау ведомостарының көшірмелер, қосымшаларға сәйкес толтырылған кестелер

ҚР Оқу Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» 2- тарауына сәйкес компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 90 %-ы қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру ұйымдары үшін – төменінде 80 %);

Тестілеу 23.10.2024ж күні 2 кезеңде өткізілді.

Бітіру сыныптарының тестілеу нәтижелері

(4,9-сынып оқушыларының оқыту нәтижелерін бағалау, БҰ бағалау өлшемшарттарына 13-қосымша)

Р/с	сынып	журнал бойынша оқушы саны	қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	орташа балл	оң бағалар %
1	4	10	9	1	4	4	0	19.5	100
2	9	5	5	0	1	4	0	31.6	100

ПМПК қорытындысы бойынша денсаулығына байланысты 4 сыныпта 1 оқушы тестілеуге қатысқан жоқ.
Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде 4,9 сынып түлектері кешенді тестілеуге қатысты.

Кешенді тестілеу қорытындылары 4,9 сынып

Дайындық барысында күн сайын әр түрлі тест тапсырмалары орындалды: шағын тесттер (әр сабақта 5 минут), қағаз форматында тестілеу және әртүрлі сайттарды қолдана отырып, компьютерлік форматтағы тестілеуден де өтті.

4,9 сыныптардың барлығы тестілеуден сәтті өтті. Бұл оқушылардың бұл оқуға деген ынтасы, білім деңгейлері орташа. Дайындық кезінде оқушылар жақсы нәтиже көрсетіп жүрді, бірақ тестілеу кезінде өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асырмады.. Оқушылардың басым көпшілігі уақытты тиімді пайдалана алды және уақыт регламентін сақтады.

Орташа балл 4 сыныптарда – 19.5

9 сыныптарда – 31.6

VIII. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа да респонденттердің сауалнамасы.

IX. Кемшіліктер:

-Білім сапасын арттыру мақсатында жас мамандармен жасалатын жұмыстарды, білім сапасы төмен сыныптармен жасалатын жұмыстарды жүйелеу;

- Мектепішілік бақылау жоспарында көрсетілген барлық іс-шаралардың қорытынды талдауын жасап, жұмыс жоспарын жүйелеу;

-Дарынды білім алушылармен жұмыс барысын жандандырып, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға ынталандырып, қатыстыру;

-Мектептің материалды-техникалық базасын жетілдіру;

-Ғылыми-әдістемелік инновациялық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына жүйелі түрде қатыстыруды жалғастыру

X. Қорытынды

1.Бағалауды тиімді жүзеге асыру бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастыру, әдістемелік көмек беру.

2. Бастауыш сыныптарда оқушы бағасын көтермелеуге жол бермеу, бағалауды талаптқа сәйкес жүзеге асыру.

3. Оқушы біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.

4. Білім сапасын көтеруге бағытталған іс-шараларды жоспарлау.

5. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.